

## Шектеу іс-шараларын тоқтату туралы

Қостанай облысы Әуликөл ауданы Диев ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 15 мамырдағы № 1 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 18 мамырда № 9195 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабына, "Ветеринария туралы" 2002 жылғы 10 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-1-бабы 8) тармақшасына сәйкес және "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Әуликөл аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесі басшысының 2020 жылғы 20 сәуірдегі № 01-23/118 ұсынысы негізінде Диев ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қостанай облысы Әуликөл ауданы Диев ауылдық округінің Қосағал ауылының аумағында шектеу іс-шаралары тоқтатылсын.

2. Қосағал ауылы әкімінің "Қостанай облысы Әуликөл ауданы Қосағал ауылы аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" 2019 жылғы 28 қазандағы № 1 шешімінің (2019 жылғы 31 қазанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8723 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

3. "Диев ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешімді ресми жарияланғанынан кейін Әуликөл ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Диев ауылдық округінің әкімі*

*М. Досмурзин*